- 8.2.3. Осы Жарғымен немесе қатысу тәртібінде өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен басқаша белгіленбесе, оған басқа тұлғалар шақырусыз қатыса алады. Осындай тұлғалардың Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.
- 8.3. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум жиналған кезде жарияланған уақытта ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп қойған, жиналыстың ашылу уақытының өзгерісі туралы хабардар етілген және оған қарсы болмайтын жағдайларды қоспағанда, жарияланған уақытынан бұрын ашылмайды.
- 8.4. Акционерлердің жалпы жиналысы төрағасын жиналыс (төралқасын) және хатшысын сайлап, дауыс беру түрін – ашық немесе құпия (бюллетендер бойынша) белгілейді.
- 8.5. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында төраға қарастырылып отырған мәселе бойынша сөз таластыруды тоқтату, ол бойынша дауыс беру әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.
- 8.6. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып болып, олар бойынша шешімдер қабылданған соң, жабық деп жарияланады.

8.7. Жиналыс хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасындағы мәліметтердің толық және дәл болуы үшін жауапты болады.

9-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының шешім қабылдау тәртібі

9.1. Шешімдер қатысу тәртібінде немесе сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс беру) қатар немесе Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

9.2. Сырттай дауыс беру кезінде дауыс беруге арналған бірінғай нысандағы бюллетеньдер акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). Қоғам дауыс беру нәтижелеріне әсер ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге тандап-тандап жіберуге құқықсыз.

9.3. Дауыс беруге арналған бюллетень Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күнге дейін қалған қырық бес күннен кешіктірілмей акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберілуі керек.

9.4. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына келесілер қол қоюлары керек:

9.4.1. Жиналыс төрағасы мен хатшысы;

9.4.2. есеп комиссиясының мүшелері немесе оның функцияларын атқаратын тұлға;

9.4.3. Қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына ие және акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын акционерлер. Қол қоюға міндетті тұлға хаттамаға қол қоя алмаса, оның өкілі өзіне берілген сенімхаттың негізінде қол қояды.

10-бап. Қоғамның директорлар кеңесі, құзыреті және оның шешім қабылдау тәртібі

10.1. Қоғамның Директорлар кеңесі осы Жарғыға және Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешілуін қоспағанда, Қоғамның қызметін жалпы басқарады.

10.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

10.2.1. Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау, сондай-ақ жылдық шоғырландырылған бизнес-жоспарын мақұлдау және оны өзгерту;

10.2.2. акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

10.2.3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін құрастыру;

10.2.4. акцияларды орналастыру (тарату), соның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (таратылатын) акциялардың саны, орналастыру (тарату) әдісі және бағасы туралы шешім қабылдау;

10.2.5. қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

10.2.6. қоғамның облигациялар және туынды бағалы қағаздар шығарылымының талаптарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

10.2.7. атқарушы органды, сондай-ақ қаржы директорын, Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасарын, бас бухгалтерді тағайындау, өкілеттіктер мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10.2.8. сатуға арналғанды есептемегенде зияткерлік меншік нысандарын пайдалану туралы келісімдерді мақұлдау;

10.2.9. атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке дара атқаратын тұлғаның) лауазымдық жалақысының мөлшерлерін, жалақы мен сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

10.2.10. Ішкі аудит басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит басқармасының жұмыс тәртібін, Ішкі аудит басқармасының жұмыскерлеріне төленетін жалақы, сыйақы мөлшерін және төлеу талаптарын анықтау;

10.2.11. Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктер мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін, сыйақы төлеу талаптарын анықтау;

10.2.12. аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғам акцияларының төлеміне берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін анықтау;

10.2.13. Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штат кестесін бекіту;

10.2.14. қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар жатпайды), соның ішінде қоғамның бағалы қағаздарына аукциондар және жазылу өткізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

10.2.15. Бас директор мен орынбасарларының лауазымдық нұсқауларын бекіту;

10.2.16. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;

10.2.17. басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін) қоғамның иеленуі туралы шешім қабылдау;

10.2.18. акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызы қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

10.2.19. міндеттемелерді ұлғайту жылдық Бизнес-жоспармен қарастырылу-қарастырылмауына қарамастан, Қоғамның меншікті капиталының 5% және одан көп пайызын құрайтын көлемге қоғам міндеттемелерін ұлғайту (бір немесе бірнеше өзара байланысты мәмілелер нәтижесінде), бұл орайда жылдық Бизнес-жоспармен қарастырылған нақты міндеттемелерді немесе шығындарды қосымша бекіту талап етілмейді;

10.2.20. үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша қарыздар немесе кепілдіктер беру немесе үшінші тұлғалардың міндеттемелерін иелену, соның ішінде шығындарды өтеуге келісу жөнінде шешімді мақұлдау;

10.2.21. қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда қоғам тіркеушісін таңдау;

10.2.22. қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын қоғам немесе қызметі туралы ақпаратты анықтау;

10.2.23. ірі мәмілелерді және Қоғам жасауға мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

10.2.24. Қоғамның активтерін қосу, біріктіру, шеттету (сату, жалдау арқылы немесе басқа әдіспен) туралы шешім қабылдау;

10.2.25. Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы, сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

10.2.26. директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

10.2.27. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын, осы Жарғымен қарастырылған басқа мәселелер.

10.3. 10.2 тармақпен қарастырылған мәселелер атқарушы органның шешуіне берілмейді.

10.4. Директорлар кеңесі тиіс:

10.4.1. лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде ықтимал мүдде дауын, соның ішінде Қоғам меншігін заңға қайшы пайдалануды, мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде қиянат жасалмауын қадағалауға, мүмкіндігінше түзетуге;

10.4.2. Қоғамдағы корпоративті басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылау.

10.5. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес атқарушы органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы шешімдер қабылдауға құқықсыз.

11-бап. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру тәртібі

11.1. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

11.2. Директорлар кеңесінің мүшелері келесілердің арасынан сайланады:

11.2.1. акционерлер – жеке тұлғалардың;

11.2.2. акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (нұсқау берілген) тұлғалардың;

11.2.3. осы Жарғымен белгіленген шектеулерді есепке ала отырып, басқа тұлғалардың.

11.3. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүргізіледі. Акционер өзіне тиесілі акциялары бойынша дауыстарын бір үміткерге беруге немесе бірнеше үміткердің арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған деп саналады. Директорлар кеңесіне екі немесе одан көп үміткер бірдей дауыс санын жинаса, осы үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

11.4. Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (нұсқау берілмеген) жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Осындай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспайды.

11.5. Бас директор Директорлар кеңесіне сайлана алады, бірақ Директорлар кеңесінің төрағасы қызметіне сайлана алмайды.

11.6. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

11.7. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жана директорлар кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

11.8. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

11.9. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, директорлар кеңесінің жана мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл орайда директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

11.10. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген рет қайта сайлана алады.

11.11. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан мүшелердің жалпы санынан көпшілік ашық дауыспен сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

11.12. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, отырыстарын жүргізеді, сонымен осы Жарғымен анықталған басқа да қызметтерді атқарады. Төраға болмағанда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

11.13. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері тиіс:

11.13.1. ақпараттылық, мөддірлік, Қоғам мен акционерлерінің мүддесін қорғау негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Жарғыға, Қоғамның ішкі құжаттарына, сондай-ақ Заңмен қарастырылған басқа да құжаттарға сәйкес әрекет етуге;

11.13.2. барлық акционерлерге әділдікпен қарау, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пайымдау шығару.

11.14. **Директорлар кеңесінің отырысы Төрағаның немесе Қоғамның Бас директорының бастауымен немесе:**

11.14.1. Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

11.14.2. Қоғамның ішкі аудит басқармасының;

11.14.3. Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның;

11.14.4. ірі акционердің талабымен шақырылады.

11.15. Директорлар кеңесінің шақырылуы туралы талап Директорлар кеңесі отырысының болжамды күн тәртібі қамтылған тиісті хабар жіберу арқылы Директорлар кеңесінің Төрағасына жазбаша түрде ұсынылады

11.16. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы мұндай талаппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті болатын Қоғамның Бас директорына жүгінуге құқылы. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің Төрағасымен немесе Қоғамның Бас директорымен шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірілмей шақырылуы тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаның міндетті түрде шақырылуымен өткізіледі.

11.17. Директорлар кеңесінің отырысы шақыру туралы талапты қойған тұлғаның міндетті түрде шақырылуымен өткізіледі.

11.18. Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетіндігі туралы жазбаша хабарламалар отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен қоса Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс басталатын күнге дейін қалған жеті күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс. Шұғыл жағдайларда Директорлар кеңесі отырысының өтуі туралы хабарлама отырыс өтетін күнге дейін қалған үш күн бұрын жіберілуі мүмкін. Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетіндігі туралы хабарламада отырыс өткізілетін күн, уақыт және жер, сондай-ақ күн тәртібі көрсетілуі тиіс. Директорлар кеңесі өз отырысының өтетіндігі туралы мүшелеріне хабарламаны жіберу тәртібін өзі анықтайды.

11.19. Директорлар кеңесінің мүшесі Бас директорға Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы алдын ала ескертуге міндетті.

11.20. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің санынан алғанда кем дегенде жартысын құрауы керек. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғымен анықталған кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі өзінің жана мүшелерін сайлау үшін акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талапты қайта қайталауға құқылы.

11.21. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар теңдей болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының немесе отырыста төраға болған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

11.22. Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырысты өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

11.23. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібінде өткізілген отырыстары жылына кем дегенде үш рет немесе Директорлар кеңесі туралы Ережеге басқа әдіспен өткізіледі. Отырыста қабылдаған Директорлар кеңесінің шешімдері отырыс өткізілген күннен бастап үш күннің ішінде Төраға немесе отырыста төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы құрастыруға және өз қолдарын қоюлары тиіс хаттамамен рәсімделіп, төмендегілерді қамту тиіс:

11.23.1. Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;

11.23.2. отырыс өткізілген күн, уақыт және жер;

11.23.3. отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;

11.23.4. отырыстың күн тәртібі;

11.23.5. дауыс беруге қойылған мәселелер мен олар бойынша дауыс берудің қорытындылары, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетіледі;

11.23.6. қабылданған шешімдер;

11.23.7. Директорлар кеңесінің шешімдері жөніндегі басқа да мәліметтер.

11.24. Директорлар кеңесінің отырыс хаттамалары Қоғам мұрағатында сақталады. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінің талап етуі бойынша оған танысу үшін отырыс хаттамасын және онда қабылданған шешімдерді беруге және (немесе) корпоративтік хатшының қолымен, Қоғам мөрінің таңбасымен куәландырылған хаттамадан, шешімнен алынған үзінді жазбаны беруі керек.

11.25. Директорлар кеңесі анағұрлым маңызды мәселелерді қарастыру үшін және ұсыныстарды дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

11.26. Директорлар кеңесінің комитеттері нақты комитетте жұмыс істеу үшін тиісті кәсіби білімге ие сарапшылардан құралған.

11.27. Директорлар кеңесі комитеттерінің қалыптасу және жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

12-бап. Қоғамның Бас директоры

12.1. Қоғамның ағымдағы қызметін дара атқарушы орган – Қоғамның Бас директоры басқарады.

12.2. Бас директор Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен, Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғамның қызметі жөніндегі кез келген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы. Бас директор Акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

12.3. Акционер және акционер болып табылмайтын Қоғамның жұмыскері Бас директор бола алады. Қоғамның Бас директоры Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

12.4. Бас директордың қызметі, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен, Қоғам Жарғысымен, сондай-ақ аталған тұлға мен Қоғам арасында жасалған еңбек шартымен белгіленеді. Бас директормен арадағы еңбек шартына қолды Қоғамның атынан Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі өкілеттік беретін тұлға қол қояды.

12.5. **Қоғамның Бас директоры:**

12.5.1. акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

12.5.2. үшінші тұлғалармен арадағы қарым-қатынастарды Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекеттенеді;

- 12.5.3. Қоғамда оның үшінші тұлғалармен арадағы қарым-қатынастарында Қоғамды таныстыруға құқық беретін сенімхаттарды береді;
- 12.5.4. Қоғам жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды, орнын ауыстырады және жұмыстан босатады (Заңмен қарастырылған жағдайларды қоспағанда), оларға қатысты ынталандыру шараларын қолданып, тәртіптік жаза тағайындайды, Қоғамның Ішкі аудит басқармасының құрамына кіретін жұмыскерлерді қоспағанда, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғамның лауазымдық жалақыларының және жалақысына үстеме ақылардың мөлшерлерін белгілейді, Қоғам жұмыскерлеріне берілетін сыйақылардың мөлшерін белгілейді.
- 12.5.5. жылдық Бизнес-жоспардың әзірленуін ұйымдастырады, алдағы жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірмей Директорлар кеңесінің қарауына оны ұсынады;
- 12.5.6. осы Жарғымен, Акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген басқа да қызметтерді орындайды.

13-бап. Қоғамның құжаттары

- 13.1. Қоғамның қызметіне қатысы бар құжаттар Қоғам өзінің бүкіл қызметі аралығында Қоғамның атқарушы орналасқан жерде сақталуы қажет. Келесі құжаттар сақталуы тиіс:
- 1) Қоғамның Жарғысы, Қоғам Жарғысына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
 - 2) құрылтай жиналыстарының хаттамалары;
 - 3) құрылтай шарты, құрылтай шартына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
 - 4) Қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігі;
 - 5) Қоғамның статистикалық карточкасы;
 - 6) Қоғамның белгілі бір қызметтерді және (немесе) белгілі бір әрекеттерді орындауына құқық беретін лицензиялар;
 - 7) Қоғамның баланстағы (балансында болған) мүлікке деген құқықтарын растайтын құжаттар;
 - 8) Қоғамның бағалы қағаздар шығарылымының проспектілері;
 - 9) Қоғамның бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік тіркелуін, бағалы қағаздар күшінің жойылғандығын, сондай-ақ уәкілетті органға ұсынылған Қоғамның бағалы қағаздарының орналастырылу және өтелу қорытындылары туралы есептердің бекітілгендігін растайтын құжаттар;
 - 10) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
 - 11) акционерлердің жалпы жиналысының хаттамалары, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдар;
 - 12) акционерлердің жалпы жиналысын өткізетін акционерлердің тізімі;
 - 13) директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстардың шешімдері), директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;
 - 14) атқарушы органның шешімдері;
 - 15) корпоративтік басқару кодексі;
 - 16) басқа да құжаттар, соның ішінде Қоғамның қаржы есептілігі Заңнамаға сәйкес белгіленген мерзім аралығында сақталады.
- 13.2. Қоғам өз акционерінің талабымен оған осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Заңнамамен қарастырылған құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты қорғау үшін Қоғамның ішкі құжаттарымен аталған ақпаратқа шектеулер қойылу мүмкін.
- 13.3. Құжаттардың көшірмелері ұсынылған үшін берілетін төлем құжаттардың көшірмелерін жасауға және құжаттарды акционерге жеткізуге жұмсалған шығындардың құнынан аспау қажет.

14-бап. Корпоративтік хатшы

- 14.1. Корпоративтік хатшының мәртебесі:
- 14.1.1. Корпоративтік Хатшы – Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның Атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындаған және оған есеп беретін, сондай-ақ қызмет шеңберінде акционерлердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысының әзірленуін және өткізілуін бақылайтын, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдардың және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына материалдардың құрастырылуын қамтамасыз ететін, оларды пайдалануды қамтамасыз ету үшін бақылау жасайтын Қоғамның қызметкері. Корпоративтік хатшының құзыреті және қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.
- 14.1.2. Корпоративтік хатшы өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің, Қоғамның басқа да ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға міндетті.
- 14.2. Корпоративтік хатшының функциялары:
- 14.2.1. акционерлердің, Қоғам органдарының, сондай-ақ Қоғамның басқа да лауазымды тұлғаларының арасында ақпараттың тиімді алмасуына көмектеседі.
- 14.2.2. Директорлар кеңесі отырыстарының өткізілуін қамтамасыз етеді және дайындайды, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды құрастырады, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін барлық қажетті ақпаратты Директорлар кеңесінің мүшелеріне береді.
- 14.2.3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналыстарының әзірленуін және өткізілуін қамтамасыз етеді, акционерлер жиналысының күн тәртібін құрастыруға қатысады, Акционерлердің жалпы жиналыстарын шақыру туралы хабарламаларды уақтылы жібереді, Акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібінің мәселелері бойынша барлық қажетті материалдармен акционерлерді қамтамасыз етеді.
- 14.2.4. Директорлар кеңесінің, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының отырыстарының хаттамаларын жүргізеді және олармен барлық мүдделі тұлғаларды таныстырады.
- 14.3. Корпоративтік хатшы Қоғамның келесі құжаттарының есебін жүргізеді, сақтайды:
- 1) акционерлердің жалпы жиналыстарының, Директорлар кеңесі отырыстарының, Комитеттердің отырыстарының хаттамаларын;
 - 2) Акционерлердің жалпы жиналыстарының дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаларын;
 - 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға сенімхаттарды (сенімхаттардың көшірмелерін);
 - 4) акционерлердің жалпы жиналыстарының, Директорлар кеңесі отырыстарының, аудит жөніндегі комитет отырыстарының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар.
- 14.4. Корпоративтік хатшы Қоғам мен акционерлердің арасындағы өзара әрекетті ұйымдастырады, соның ішінде:
- 1) Қоғамның атына акционерлерден келіп түскен хаттардың, өтініштердің, сұраулардың есебі;
 - 2) келіп түскен өтініштер мен сұрауларға жауаптар әзірлеу;
 - 3) Директорлар кеңесінің шешімдері мен Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындау.

15-бап. Қоғам акционерлеріне өз қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

- 15.1. Қоғам өз акционерлеріне Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысы бар Қоғамның қызметі туралы ақпаратты мәлімдеуге міндетті.
- 15.2. Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысы бар ақпарат болып танылатындар:
- 15.2.1. ақпарат Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлерге және инвесторларға хабарлануы керек мәселелер тізімі бойынша акционерлердің жалпы жиналысымен және Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдер;
- 15.2.2. Қоғамның ақцияларды, басқа да бағалы қағаздарды шығаруы, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын төлеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;
- 15.2.3. қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелердің жасалуы;
- 15.2.4. Қоғам активтерінің бес және одан көп пайызын құрайтын сомаға Қоғам мүлкінің кепілге (қайта кепілге) берілуі;
- 15.2.5. Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;
- 15.2.6. қоғамның қандай да бір қызметті жүзеге асыру үшін лицензияларды алуы, Қоғамның қандай да бір қызметті жүзеге асыру үшін бұдан

бұрындары алынған лицензиялардың әрекетін уақытша тоқтата тұруы немесе мүлдем тоқтатуы;
15.2.7. қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;
15.2.8. қоғамның мүлкіне тыйым салынуы;
15.2.9. нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;
15.2.10. қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы; қоғамды күштеп қайта ұйымдастыру туралы шешімнің қабылдануы;
15.2.11. қоғамның жеке капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан артық пайызды құрайтын қарызды қоғамның алуы;
15.2.12. Акционер Қоғам акционерлерінің мүдделеріне қатысы бар Қоғамның қызметі туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралын білдіретін Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау арқылы беріледі. Заңмен немесе Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен жариялаудың басқа мерзімдері белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпарат туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлерге жеткізіледі).

16-бап. Қоғамның қаржылық есептілігі және аудиті

16.1. Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның бухгалтерлік балансын, кірістері мен шығындары туралы есебін, ақша қозғалысы туралы есебін, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа есептілікті қамтиды.
16.2. Қоғамның бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржы есептілігін құрастыру тәртібі бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.
16.3. Қоғамның Бас директоры жыл сайын талқылау және бекіту үшін өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілігін Акционерлердің жалпы жиналысына береді, оның аудиті аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Бас директор қаржылық есептіліктен басқа Жалпы жиналысқа аудиторлық есепті ұсынады.
16.4. Жылдық қаржы есептілігі бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрастырылады.
16.5. Қоғамның жылдық қаржы есептілігі акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өткізілместен отыз күн бұрын және осы мерзімнен кешіктірілмей алдымен Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілуі тиіс.
16.6. Қоғамның жылдық қаржы есептілігін соңғы бекіту акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында жүзеге асырылады.
16.7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда уәкілетті органмен келісіп, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген мерзімде шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін және аудиторлық есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын жариялауға міндетті. Ірі мәміле және жасауға мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме хатта ашылады. Нәтижесінде қоғам активтері мөлшерінің он және одан көп сомасындағы мүлік сатып алынатын немесе сатылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміле мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы басқа да мәліметтерді қамтуы керек.
16.8. Қоғам жылдық қаржылық есептілігінің аудитін жүргізуге міндетті. Қоғам аудиті Директорлар кеңесінің, Қоғамның Бас директорының бастамасы бойынша Қоғамның есебінен немесе ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл орайда, ірі акционер дербес түрде аудиторлық ұйымды анықтауға құқылы. Аудит ірі акционердің талап етуі бойынша жүргізілген жағдайда Қоғам аудиторлық ұйым сұраған барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.
16.9. Қоғамның Бас директоры Қоғам аудитін жүргізуден бас тартса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның шағымы бойынша соттың шешімімен тағайындалуы мүмкін.
16.10. Қоғам қызметіне қатысты құжаттарын бүкіл қызмет мерзімі бойы Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде сақтауға тиіс.

17-бап. Қоғамның ішкі аудитін басқару

17.1. Ішкі аудит басқармасының мәртебесі:
17.1.1. Басқарма Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылайтын, Қоғамның немесе еншілес ұйымдарының қызметінің ішкі аудитінің ұйымдастырылуын және жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін Қоғам органы болып табылады. Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді.
17.1.2. Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесін есептемегенде өзіне артылған міндеттері мен функцияларды атқарғанда, үшінші тұлғалардың әсерінен тәуелсіз болуы керек.
17.1.3. Басқа қызметкерлері өз функцияларын орындау барысында объективтілік пен туралықты сақтау мақсатында кейіннен ішкі аудитке ұшырауы мүмкін және аудитке ұшырылатын кезеңде атқарылған қызметтің немесе функцияның аудитімен айналысуға ұшырауы мүмкін қандай да бір қызмет түрлеріне тартылуы керек.
Басқарма қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Қоғамның атқарушы органының құрамына сайлана алмайды.
17.1.5. Қоғамның Директорлар кеңесі, Аудит жөніндегі комитет және Қоғам басшылығы, Еншілес ұйымдары тексеретін Басқарманың есептерін талдайды, олар алдағы уақытта Қоғам қызметінде Басқарма анықтаған ереже бұзуларға жол бермеу шараларын атқарады. Іс-шаралар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері түрінде рәсімделеді.
17.1.6. Басқарманың қызметкерлеріне Басқарманың мәртебесіне, Қоғам Жарғысына, осы Ережеге сәйкес қолдануға болмайтын құжаттарды есептемегенде Қоғамның ішкі құжаттарының ережелері таралады.
17.2. Басқарма келесі негізгі функцияларды атқарады:
17.2.1. Қоғамдағы тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару жүйесінің барабарлығын, тиімділігін бағалайды;
17.2.2. Қоғамның корпоративтік басқарудың қабылданған қағидаларының енгізілуіне және сақталуына бағалау жүргізеді;
17.2.3. Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық келісімдерінің, Қоғамның және еншілес ұйымдарының ішкі құжаттарының талаптарының сақталуын, сондай-ақ бақылаушы және қадағалаушы органдардың нұсқауларын, Қоғам органдары шешімдерінің орындалуын тексереді;
17.2.4. Қоғамның еншілес ұйымдарының есептік және салық саясатының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік саясатына сәйкестігін тексеру;
17.2.5. Бизнес-жоспардың жасалуына және орындалуына аудиторлық тексеру жүргізеді;
17.2.6. Қоғамның және еншілес ұйымдарының бухгалтерлік қызметтерінің жұмысына қатысты ішкі құжаттар бойынша ұсыныстар және нұсқаулар әзірлейді;
17.2.7. онтайлы орындау мақсатында ішкі тексеру нәтижелері бойынша Қоғамның еншілес ұйымдарының өткізетін және жоспарланған шараларды орындауына дейін бақылау жүргізеді;
17.2.8. Қоғамның Директорлар кеңесіне, Аудит жөніндегі комитетке Аудиторлық тексеру нәтижелері туралы есепті, сондай-ақ анықталған ереже бұзуларды түзету жөнінде нұсқаулар мен ұсыныстар береді.
17.2.9. Қоғамның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің Қоғам қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу деңгейін бағалайды;
17.2.10. қиянат жасау, алаяқтық фактілерін тексеруге көмектеседі, Қоғамның Директорлар кеңесіне, Аудит жөніндегі комитетке, Қоғам басшылығына тексеру нәтижелері туралы хабарлайды;
17.2.11. ауытқулар, тиімсіз пайдалану, залал туындағанға дейін басқару шешімдерінің онтайлығын анықтау мақсатында Қоғамның еншілес ұйымдарының іскерлік белсенділігін, қаржы жағдайын, қаржы нәтижелерін болжау.

18-бап. Қоғам акционерлері мен лауазымды тұлғаларының аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсынуы

18.1. Қоғам аффилирленген тұлғалармен немесе Қоғам тіркеушісімен ұсынылатын мәліметтердің негізінде өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін жүргізеді.
18.2. Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты келесі көлемде ұсынады:

18.2.1. Жеке тұлғалар туралы: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); жеке басты куәландыратын құжаттың деректері және жеке тұлғаның тұрғылықты жері туралы мәліметтер; туған күні; аффилирленген деп тану үшін негіздер; аффилирленгендік пайда болған күн.
18.2.2. Заңды тұлғалар туралы: заңды тұлғаның толық атауы; заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі; заңды тұлғаның пошталық мекенжайы және нақты орналасқан жері; аффилирленген деп тану үшін негіздер; аффилирленгендік пайда болған күн.
18.2.3. Аффилирленген тұлғалар туралы ақпаратты Қоғамның акционерлері мен аффилирленген тұлғаларды аффилирленген деп тану үшін негіздер пайда болған (жоғалған) күннен бастап не болмаса Қоғам акциялары сатып алынған күннен бастап (Қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шарты жасалған) күннен бастап жеті күннің ішінде ұсынады.

19-бап. Қоғам қызметін тоқтату

19.1. Қоғам қызметі Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату арқылы тоқтатылады.
19.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген ерекшеліктер есепке алына отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Қоғамды қайта ұйымдастыру оның қызметін тоқтатса, Қоғам акцияларын шығару Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жойылуы керек.
19.3. Қоғамды ерікті тарату туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды, ол Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кредиторлардың келісімі бойынша және олардың бақылауында тарату процедурасын анықтайды.
19.4. Қоғамды еркінен тыс тарату Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларда сотпен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заң актілерімен басқаша қарастырылмаса, мүдделі тұлғалар Қоғамды тарату туралы талап қоя алады.
19.5. Соттың немесе Акционерлердің жалпы жиналысының Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.
19.6. Тарату комиссиясы тарату кезеңінде Қоғамды басқару және тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған әрекеттерді атқару өкілеттіктеріне ие.
19.7. Қоғам ерікті тарағанда тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес басқа тұлғалар кіруі керек.
19.8. Қоғамды тарату процедурасы және кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
19.9. Қоғам таратылғанда оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жойылуы керек.
19.10. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған Қоғам мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптар есепке алына отырып, барлық акция иелерінің арасында оларға тиесілі акциялар санына пропорционалды бөлінеді.
19.11. Заңды тұлғалардың бірінғай мемлекеттік тізіліміне тиісті жазбалар жазылған кезден бастап Қоғамның таратылуы аяқтаған, ал Қоғам өз қызметін тоқтатқан болып саналады.

20-бап. Қорытынды ережелер

20.1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайларда Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.
20.2. Осы Жарғы заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Акционерлердің атынан:

«Трест Средазэнергомонтаж» АҚ Бас-директоры

Янушко Леонид Леонидович



Янушко Леонид Леонидович

Республика Казахстан, город Алматы,
тридцатое июня две тысячи пятнадцатого года.

Я, Абсеитова Асель Тулегеновна, нотариус города Алматы, действующий на основании государственной лицензии № 0001754 от 15 января 2004 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Генерального директора АО «Трест Средаэнергонаж» в лице гр. РК Янушко Леонида Леонидовича, 19.09.1955 года рождения, место рождения Украина, ИИН №: 550919300179, проживающий по адресу: город Алматы, ул. Курмангазы, дом 141, квартира 16, которая выполнена в моем присутствии. Личность подписавшего Устав АО «Трест Средаэнергонаж» (БИН № 931040000184) (в новой редакции) установлена, дееспособность, полномочия представителя проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 1377

Сумма, оплаченная частному нотариусу: 2180 тенге

Нотариус



ПРОНУМЕРОВАНО И ПРОШНУРОВАНО
№ 1377
Нотариус

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
ЖЕТІСУ РАЙОНА
И
АБСЕИТОВА АСЕЛЬ ТУЛЕГЕНОВНА
АДРЕСІ: АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, КҰРМАНГАЗЫ УЛ., Д. 141, Қ. 16
2015 ж. « 24 » күні 07
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ ЖЕТИСУСКОГО РАЙОНА
ВСЕГО ПРОНУМЕРОВАНО, ПРОШНУРОВАНО И
СКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЬЮ НА _____ ЛИСТАХ
« 24 » 07 20 15 г.